

Біржолғы талондар құны туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2009 жылғы 29 шілдедегі № 179 шешімі. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 қыркүйекте № 9-19-107 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2009 жылғы 23 қыркүйектегі № 207 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2009.09.23 № 207 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ұзынкөл ауданы аумағында тауарларды өткізуші үшін қызметі дүркін-дүркін сипаттағы жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың құны базарда бір орында бір күн сауда жасау үшін көрсетілген мөлшерде бекітілсін:

- 1) қолдан сату - 191 теңге;
- 2) сөреден сату - 191 теңге.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті, оныншы
сессияның төрағасы Б. Жандауов

Аудандық
мәслихаттың хатшысы В. Вербовой

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы қаржы
Министрлігі салық комитетінің
Қостанай облысы салық департаментінің
Ұзынкөл ауданы бойынша салық басқармасы"
мемлекеттік мекемесі, бастық
М. Еркенов

2009 жылғы 29 шілде

